

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№357/241

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы, Ереже негізінде әрекет ететін Филиал директорының м. а. Нуртазин Мирзабай Жаркинович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ZM MetalLux, Дара кәсіпкер ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама негізінде әрекет ететін Басшысы Тулеубекова Дана Сайлаубековна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2022-10-03» жыл № 8402807-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 332 031.84 (үш жүз отыз екі мың отыз бір тенге сексен төрт тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 35 574.84 тенге (отыз бес мың бес жүз жетпіс төрт тенге сексен төрт тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 9 960.96 ((тоғыз мың тоғыз жүз алпыс тенге тоқсан алты тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 9 960.96 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

~~4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікке (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкесінгі тұрғысынан бақылау мен~~
Осы құжатты Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік



құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған



жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті күнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.



7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.



Тапсырыс беруші:
Қазақстан Республикасы Экология,
геология және табиғи ресурстар
министрлігі Су ресурстары комитетінің
"Қазсушар" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының Ақтөбе филиалы
Актюбинская область, г.Актобе, ГИЗЗАТА
ИБАТОВИЧА ИБАТОВА, 53А
БСН 110941001385
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ206010121000169191
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8/7132/515-936
Филиал директорының м. а. Нуртазин
Мирзабай Жаркинович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
ZM MetalLux
Карагандинская область, г.Караганда,
район Әлихан Бөкейхан, Учетный
квартал, 108/89
БСН/ЖСН 810422400347
БСК KСJVKZKX
ЖСК KZ128562204111973906
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 8 777 403 09 49, Zm_2010@list.ru
Басшысы Тулеубекова Дана
Сайлаубековна

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 8402807-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2022 қаржылық жыл												
54282624-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Арнайы бұранда	тіреуіш үшін	Болт Б5, мырышталған, Т.п.3. 407. 1-143 ГОСТ 23118-2012Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	8	1 103.20	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (8)	0	8 825.60
2022 қаржылық жыл												



54282906-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Кронштейн	кабельдік құдық үшін, көбілдік	"РА 4 Кронштейн, мырышталған, Т.п.3.407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 РА-4 Кронштейн оқшауланбаған сымды РДЗ-10/400(630)У1 және РЛНД-10/400(630)У1 типті желілік ажыратқыштарға қосу үшін қолданылады. Кронштейндер сымды тікелей желілік ажыратқышпен жалғау алдында ШФ-10г немесе ШФ-20г істік түріндегі оқшаулағыш арқылы бекіту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Кронштейнді тіректерге бекіту қамыттармен жүзеге асырылады: х-7 — СВ105-110 тіректеріне және Х-37 — СНВ-7-13 темірбетон тіректеріне. Жолақ 5Х40 ГОСТ 103-76, шеңбер 20 ГОСТ 2590-71, салмағы-1,5 "Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	4	1 983.52	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (4)	0	7 934.08
2022 қаржылық жыл												



54282811-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Кронштейн	кабельдік құдық үшін, көбілдік	Кронштейн РА 2, мырышталған, Т.п.3. 407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 кронштейн РА-2 орнату ажыратқыш РЛНД тіреудің ауа ЭБЖ номиналды кернеуі 10 кВ. бекіту үшін кронштейн тіреулерге СВ105 — 110 қажет қамыттар үлгідегі Х-8, бекіту үшін темірбетон тіреулерге СНВ-7-13 қажет х-40 типті қысқыштар. Кронштейнді бекіту үшін қысқыштарды тапсырыс беру және жеткізу бөлек жүзеге асырылады. Габариттік өлшемдері: 50X100X320 ММ. жолақ 5X100 ГОСТ 103-76, жолақ 5x50 ГОСТ 103-76, Болт М12x40 ГОСТ 7798-70, Гайка М12 ГОСТ 5915-70, салмағы - 8 кг.Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	4	2 605.12	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (4)	0	10 420.48
2022 қаржылық жыл												



54285873-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Бекіткіш	траверсаларды электр берілісі желілерінің тіректеріне бекітуге арналған, металл	"ОГ 2 жапсырмасы, мырышталған, Т.п.3.407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 ОГ-2 жапсырмасы - бұл ПФ-70А және ПФ-70Е оқшаулағыштарында орналасқан, СВ-105, СВ-110 электр беру желілерінің тіректеріне созылатын аспаларды бекітуге арналған құрылғы.Қаптамаға дәнекерленген цикл SRS-7-16 сырғасымен жабдықталған. ОГ-2 қондырмасын бекіту тіректің жоғарғы ұшында Б5, Б-6 типті Болттың көмегімен жұптасып орындалады. Болттар бөлек жеткізіледі. Габариттік өлшемдері: 100X166X120 ММСПЕЦИФИКАЦИЯ жапсырманың ОГ-2 Бұрыш 80X80X6 ГОСТ8509-86 1 дана. Шеңбер 10 ГОСТ2590 - 71 1 дана. Сырға СРС-7-17 ГОСТ2725-78 1шт. 1,60 дана. сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт."	Дана	16	2 807.84	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (16)	0	44 925.44
2022 қаржылық жыл												



54282484-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Қамыт	электр беру желілері үшін	ЭБЖ үшін мырышталған бекіту ГОСТ 23118-2012 типті Х-8 қамыт, Т.п.3.407. 1-143. Салмағы - 0,8 кг. Сертификат соответствия, сертификат о происхождении товара, Все необходимые документы по требованию заказчика. Гарантийный срок 12 месяцев, состояние заводское.	Дана	4	1 233.12	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (4)	0	4 932.48
--------------	---	-------	---------------------------	---	------	---	----------	---	---	--	---	----------

2022 қаржылық жыл

54282866-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Су газ өткізетін құбыр	болат, диаметрі 10-50 мм	"РА 3, мырышталған жетек білігі, Т.п.3. 407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 ра жетек білігінің мақсаты ПР, ПРН, ПРз, ПРНз типтерінің қол жетегін кернеуі 6 кВ-тан 10 кВ-қа дейінгі РД(3)-10/400(630)У1, РЛНД(з)типті сызықтық ажыратқыштарға қосу болып табылады.-10 / 400 У1. Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	8	13 233.92	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (8)	0	105 871.36
--------------	---	------------------------	--------------------------	--	------	---	-----------	---	---	--	---	------------

2022 қаржылық жыл



54282553-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Траверса	ТМ-2	"ТМ-2 типті траверс, мырышталған, с235 Т.п.3. 407. 1-143 маркалы болаттан ГОСТ 23118-2012 Траверс ТМ-2 орындайды орындау үшін бекіту оқшауланбаған сымдар жағдайында ЭБЖ 10 кВ тұрғын емес жерде. 3.407.1-143.8.2 үлгі жобасы бойынша жоғары сапалы көміртекті болаттан жасалған ТМ-1 траверстерін өндіреді. Коррозияға қарсы жабын ретінде эмальмен немесе ВТ-577 битум лакпен жабу қолданылады.ТМ-2 траверсінде орналасқан істіктер істік түріндегі оқшаулағыштарды қосу үшін қызмет етеді: ШФ-10г, ШС-10д және ШФ20-в.оқшаулағыштарды бекіту үшін қалпақшаларды (К-6, КП-22, К-9, К-7) қолдану керек. Сымды оқшаулағыштарға бекіту спираль немесе сым тоқу арқылы жүзеге асырылады.Бұйымның габариттері: 140x1495x1460мм. бұрышы 70X70X5 ГОСТ8509-86, бұрышы 50X50X5 ГОСТ8509-86, Штырь Ш-20-2-к-30 МЕМСТ 34-13-931-86, салмағы-10,9 кг." Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	2	13 163.36	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (2)	0	26 326.72
--------------	---	----------	------	---	------	---	--------------	---	---	--	---	--------------



2022 қаржылық жыл												
54282954-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Кронштейн	кабельдік құдық үшін, кәбілдік	"РА 5 Кронштейн, мырышталған, Т.п.3.407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 РА-5 Кронштейн оқшауланбаған сымдарды РДЗ-10/400(630)У1 немесе РЛНД-10/400(630)У1 сызықтық типтегі ажыратқыштарға қосу үшін қажет. Кронштейнде ШФ-10г немесе ШФ-20г істік оқшаулағышын орнатуға арналған істік бар. РА-1 кронштейні РА-1 кронштейнімен бірге қолданылады. РА-5 және РА-1 кронштейндерін қосу РА-1 жеткізу жиынтығынан бұрандалармен жүзеге асырылады. Бұрыш 50X50X5 ГОСТ 8509-86, шеңбер 22 ГОСТ2590-71, салмағы-1,5 кг. Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	4	2 207.52	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн. Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн. Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (4)	0	8 830.08
2022 қаржылық жыл												



54285957-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Қаптама	электр беріліс желілерінің оқшауланбаған сымдарымен өтпелі анкерлік тіректерді жинақтауға арналған	"ОГ 5 төсемі, мырышталған, Т. п. 3. 407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 (10 кВ) якорь тіректерін орнату кезінде ОГ-5 төсемі бір кернеу суспензиясынан екіншісіне созылған сымның дәйекті өтуіне көмектеседі. Жапсырмада ШФ-20в істік оқшаулағышын немесе К-6 қалпақшасын жалғауға арналған ойығы бар шеңбер болады. ОГ-5 жапсырмасы ОГ-2 жапсырмаларымен бірге қолданылады. ОГ-5 жапсырмасын монтаждау В-105,СВ-110 тіректерінің жоғарғы бөлігінде Б-5 болтының көмегімен жүзеге асырылады. Болтқа бөлек тапсырыс беру керек. Габариттік өлшемдері: 50X50X380ММ. жолақ 5X50 ГОСТ 103-75 L=215 Шеңбер 20 ГОСТ 2590-71. Салмағы-1,1 кг. сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	8	1 243.20	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (8)	0	9 945.60
2022 қаржылық жыл												



54282645-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Өткізгіш	түрі ЗП-1А, жерлендіруші	"ЗП-1 өткізгіші, мырышталған, Т.п.3.407. 1-143 МЕМСТ 23118-2012 ЗП-1 жерге тұйықтау өткізгіші оқшауланбаған сымдарды пайдаланатын, кернеуі 10 кВ дейінгі ЭЖЖ түрлі металл конструкцияларын жерге тұйықтау үшін қолданылады. ЗП-1 өткізгіші болаттан шайбалары бар өзек түрінде жасалады, оның көмегімен өткізгіш бекітіледі. ЗП-1 жерге тұйықтау өткізгішін тіректердің штаттық жерге тұйықтауына қосу арқылы ЭЖЖ жабдығын штаттан тыс жағдайлар кезінде электр тогының зақымдануынан сенімді қорғау қамтамасыз етіледі. Жолақ 5Х60 ГОСТ 103-76, шеңбер 10 ГОСТ2590-71 L=1000, салмағы-0,9 кг."Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	35	1 233.12	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (35)	0	43 159.20
2022 қаржылық жыл												



54282691-ОИ2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе филиалы	Кронштейн	кабельдік құдық үшін, кәбілдік	Кронштейн РА 1, мырышталған, Т.п.3. 407. 1-143 ГОСТ 23118-2012 Кронштейн рлнд типті айырғышты орнату үшін арналған монтаждау ажыратқыш ауа ЭБЖ номиналды кернеуі 10 кВ. бекіту кронштейн арналған тіреулер СВ105-110 жүзеге асырылады екі қамыттармен үлгідегі Х-7, бекіту темірбетон тіреулерде СНВ-7-13 х-37 қысқыштарымен орындалады. Қысқыштар бөлек тапсырыс бойынша жеткізіледі. Бұрыш 50Х50Х5 ГОСТ 8509-86, шеңбер 12 ГОСТ2590-71 . Болт М12Х40 МЕМСТ 7798-70, Гайка М12 МЕМСТ 5915-70, салмағы-13,8 Сәйкестік сертификаты, тауардың шығу тегі туралы сертификат, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық қажетті құжаттар. Кепілдік мерзімі 12 ай, жағдайы зауыт.	Дана	4	15 215.20	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Шарт жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн.Жеткізушінің есебінен түсіру.	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы Ақтөбе қаласы. Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша түсіру орны. (4)	0	60 860.80
--------------	---	-----------	--------------------------------	--	------	---	--------------	---	---	--	---	--------------



Договор о государственных закупках товаров

Актюбинская область

№357/241

Актюбинский филиал Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения "Казводхоз" Комитета по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает И.о. директора филиала Нуртазин Мирзабай Жаркинович, действующий на основании Положения, с одной стороны и ZM MetalLux, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Тулеубекова Дана Сайлаубековна, действующий на основании Уведомления о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2022-10-03 года № 8402807-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

